



ХҒТАР 10.77.91

Ғылыми мақала

<https://www.doi.org/10.32523/2616-6844-2025-150-1-191-206>

## Сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнама негіздері мен тетіктері

А.Ж. Ордаева<sup>1</sup> , М.С. Шекербекова<sup>1</sup> , С.Б. Абутова<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

<sup>2</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

(e-mail: <sup>1</sup>aygul.ordaeva@inbox.ru, <sup>2</sup>maka\_789@mail.ru, <sup>3</sup>asb8008@mail.ru)

**Аңдатпа:** Бұл зерттеу мақаласында сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнама негіздері мен тетіктерін зерттеу жүзеге асырылған. Ғылыми зерттеудің мақсаты сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнаманы шетелдің заңнамасымен өзара салыстырмалы-құқықтық талдау көзделген және адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру айқындалған. Алыс жақын шет елдердің заңнамалары талқыланып сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнаманы шетел заңнамасымен өзара салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілуі нәтижесінде бірқатар жекелеген ұсыныстардың жиынтығы жасалынған. Сталкинг (ізге түсу) түрлері айқындалып, олардың алдын алу жолдары айқындалған. Сондай-ақ, жеке тұлғаларды сталкинг (ізге түсу) құқық бұзушылығынан қорғаудың халықаралық-құқықтық жүйесі бойынша құқықтық негіздері мен тәжірибелік механизмдерін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды сталкинг (ізге түсу) құқық бұзушылығынан қорғау бойынша құқық қорғау мен сот органдарының іс-әрекеттер жүйесін саралау нәтижесі анықталған. Сонымен қатар, сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнама негіздері мен тетіктерін ұсынған.

**Түйін сөздер:** сталкинг (ізге түсу), жеке тұлға, салыстырмалы құқықтық талдау, жәбірленуші, ар-намыс, сталкер, қадыр-қасиет.

## Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды заңдарға қол қойды. Бұл заңдар отбасы институтын нығайтуға және дәстүрлі құндылықтарды сақтауға бағытталған [1].

Жаңа заңнама аясында неке және отбасы заңнамасына бірқатар өзгерістер енгізілді. Олар:

- Отбасы құндылықтарын нығайту
- Әке мен ана рөлін күшейту
- Балаларды адамгершілік пен рухани құндылықтарға тәрбиелеу

Президент Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан» атты Жолдауында азаматтардың қауіпсіздігін басты басымдық ретінде атап өтті. Ол жеке тұлғадан бастап бүкіл қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттің стратегиялық міндеті ретінде белгіледі.

Бұл заңнамалық өзгерістер Қазақстанның әлеуметтік саясатындағы маңызды қадам болып табылады. Олар отбасы институтын нығайтуға, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға және қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды сақтауға бағытталған.

Жеке адамнан бастап тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Президенттің басты міндетінің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді. Осы міндетті орындау барысында «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заң жобасы әзірленуде [2].

Осыған орай сталкингтың (ізге түсудің), адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнаманы шетелдің заңнамасымен өзара салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізіп, адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелері тақырыпты зерттеудің негізі.

## Әдіснама

Салыстырмалы құқықтану ғылымының теориялық негіздерін, сондай-ақ аталған ғылым әрі құқық саласының зерттеулік әдіс мен тәсілдерін айқындап алайық. Профессор Е.М.Абайдильдинов ғылыми еңбегінде мынадай ғылыми тұжырымды сипаттап жазған. Салыстыру әдісі құқықтағы даралық, ерекшелік және жалпылықты анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы құқықтық құбылыстардың пайда болуы мен дамуы зерттеліп, салыстырылатын объектілердің жіктелуі мен жүйеленуі нақтырақ жүзеге асырылады. Құқықтық құбылыстарды салыстырмалы тұрғыда қарастырудың негізгі мәні – құқық қолдану саласындағы нақты бағыттарды айқындау, сондай-ақ жеке заң институттарын ғылыми тұрғыда зерттеуге қажетті ұғымдар мен категорияларды қалыптастыру болып табылады.

Аталған факторлар елімізде салыстырмалы құқықтанудың маңыздылығын арттырып, оның құқықтық жүйені жетілдірудегі рөлін көрсетеді.

Салыстырмалы құқықтану мектебінің негізі қаланып, өзіндік жолымен қалыптасып жатқандығын дәлелдейді. Ендеше осы салыстырмалы құқықтану ғылымының қағидаттарын жеке назарға ала отырып, сталкингтың (ізге түсудің), адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнаманы шетелдің заңнамасымен өзара салыстырмалы-құқықтық талдауды жасауды жөн көрдік. Осы ретте біз салыстырмалы құқықтық талдау әдісі мен тәсілдерін қолданамыз. Ол әдістер мен тәсілдер зерттеуіміздің бір міндетін орындауға мүмкіндік береді.

Бірінші кезекте сталкингтың (ізге түсудің), адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнаманы шетелдің заңнамасымен өзара салыстырмалы-құқықтық талдауды конституциялардан бастағанды жөн көреміз.

### **Нәтижелер мен талқылау**

ҚР Конституциясында 17-бабы бойынша келесідей ереже бекітілген;

«1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» [4].

Конституциялық норма мәтініне мынадай жеке толықтыру қажет. Мысалы, келесі 2-тармақтағы «оған зорлық-зомбылық жасауға» деген сөздерден кейін «сталкингтік ізге түсумен қудалауға» делінген құқықтық сипаттағы ұғымдық тіркес болуы тиіс деп ұсыныс етеміз.

Осылай ұсыныс беруіміздің негіздемесі мынадай жеке аргументтермен нақтыланады.

Біріншіден, бостандықта жүрген әйелдерге және түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген не кезінде жазасын өтеген әйелдерді заңсыз ізге түсу және қудалау арқылы жыныстық зорлық-зомбылық жасаған жеке тұлғалар, сондай-ақ түзеу мекеме қызметкерлерінің талайы сотталды.

Екіншіден, егер аталған норма осындай құқықтық терминдермен жеке толықтырылса, онда көптеген құқық бұзушылықтардың алдын алуға және оларды жасаған құқық бұзушылық субъектілерін өз кезегінде қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартуға заңдық негізі болады.

Үшіншіден, тағы айта кетер жайт, интернет жүйесіндегі сталкерліктің түрлері ретінде киберсталкер, кибербуллинг, киберқудалау және өзге заңсыз ізге түсу мен қудалауға қарсы конституциялық норма арқылы құқықтық реттеуге нақты конституциялық-құқықтық негізі болады.

ҚР-ның Қылмыстық кодексінің тарау атауы бойынша «Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар»[5] деп берілген, ал енді 146-бап «Қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас, азаптаулар»[5] деп аталған. Әрине, сталкерлік ізге түсуді алдын алуға тікелей реттей алмасы анық. Бұл ретте тіпті оны жанама құқықтық реттеу де мүмкін емес.

Біріншіден, қатыгездік сталкерлік ізге түсу барысында негізінен көріне бермейді. Керісінше сталкерлік ізге түсу мақсаты – өзінің нәпсі қалауына жетуі үшін жұмсақтық, мүләйімдік мінез-құлықты ұстанады.

Екіншіден, сталкерлік ізге түсу негізінен көбінде жеке дара тұлғаның тарапынан жасалады. Десек те лауазымды адамның айдап салуымен ондай іс-әрекетті жасайтындар болады.

Үшіншіден, сталкерлік ізге түсу көбінде ер адамның әйел кісіге өзінше қырындауы, көз салуы деген үстірт түсінік болып жатады. Оның негізгі бір белгісі жүйелі түрде соңына түсу дегенді білдіреді. Демек, сталкерлік ізге түсудің құқықтық табиғатын нақты айқындап алу қажет деп есептейміз. Арнайы талданып жатқан баптың келесі 2-бөлігінде мына норманың мәтіні көрініс тапқан. Қылмыстық кодекстің азаптау туралы бабы лауазымды тұлғалардың немесе ресми өкілдердің заңсыз әрекеттерін қарастырады. Бұл бап бойынша жазаланатын әрекеттерге мыналар жатады:

- Мәліметтер алу немесе мойындату мақсатында азаптау
- Жасалған немесе күдік келтірілген әрекет үшін жазалау
- Қорқыту немесе мәжбүрлеу
- Кемсітуге негізделген себептермен зардап келтіру

Бұл әрекеттер үшін қарастырылған жазалар:

- Белгілі лауазымдарды атқару құқығынан айыру (3 жылға дейін)
- Айыппұл (5000 АЕК-ке дейін)
- Түзеу жұмыстары
- Бас бостандығын шектеу немесе айыру (6 жылға дейін)

Алайда, бұл баптың сталкерлік әрекеттерге тікелей қатысы жоқ екені анық. Сталкинг мәселесі қазіргі заңнамада жеке қарастырылмаған.

Біріншіден, сталкерлік ізге түсу іс-әрекеті қоғамға қауіпті болуынан бөлек, оның қылмыстық субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде бұл ретте қылмыстық ниет пен мақсаты бар. Десе де тікелей қасақана азаптау іс-әрекеттерін жасау негізінен көзделмейді.

Екіншіден, сталкерлік ізге түсу негізінен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан көрініс табады. Сондықтан сталкер қылмыс объектісіне өзінің жеке симпатиясын білдіргісі келеді.

Үшіншіден, сталкерлік ізге түсу тек белсенді әрекетпен ұштасып ғана жатады. Сол себепті сталкерлік ізге түсу әрекетсіздікпен ешбір жағдайларда өзара ұштаспайды. Демек, сталкерлік ізге түсудің құқықтық табиғаты мен болмысы осындай негіздермен сипатталады.

Сараланып жатқан баптың 3-бөлігінде мынадай норма бекітілген.

«3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, мынадай:

- 1) адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 2) бірнеше рет;
- 3) денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіріле отырып;

4) кінәлі адамға жүктілік жағдайында екені көрінеу белгілі әйелге немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған іс-әрекеттер – белгілі бір лауазымдарды атқару

немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [5].

Жеке сараланып жатқан баптың 3-бөлігінің 1-ші және 3-ші тармақтары сталкерлік ізге түсуге тікелей қатысы жоқ, тек қана оның 2-ші және 4-ші тармақтарының жанама қатысу болуы мүмкін.

Біріншіден, сталкерлік ізге түсу іс-әрекеттері негізі адам тобы ретінде жасауды мақсат тұтпайды.

Екіншіден, сталкерлік ізге түсуде денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіруден гөрі, психологиялық зардап келтіру мақсаты қойылады.

Лауазымды немесе ресми түрде әрекет ететін адамдардың заңды әрекеттері нәтижесінде келтірілген тәндік немесе психикалық зардаптар қатыгездік, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас, сондай-ақ азаптау ретінде қарастырылмайды.

Ресми түрде әрекет ететін адам – бұл лауазымды тұлға немесе билік өкілі ретінде танылмайтын, бірақ белгілі бір ұйымда тұрақты, уақытша немесе мерзімді негізде жұмыс істейтін, ем алатын, оқитын немесе тәрбиеленетін адамдарға қатысты өкім ету өкілеттігі бар тұлға. Мұндай адамдарға оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемелерінің қызметкерлері, педагогтар, нұсқаушылар және медицина қызметкерлері жатады. Сонымен қатар, шарт бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер де осы санатқа кіреді.

Жеке талданып жатқан баптың 4-бөлігі де біздің зерттеуімізге тікелей қатысы жоқ екені айқындалып тұр. Тек қана бір айта кетерлігі, сол ескертпенің 2-бөлігіндегі анықтамалық норманың жанама қатыстылығы бар деп айтуға болады.

Біріншіден, сталкерлік ізге түсуші ретінде жоғарыда аталған лауазымы бар адам яки билік өкілі болмаса да, өкім етуші өкілеттіліктері бар адамды жатқызуға болады.

Екіншіден, лауазымды тұлға немесе билік өкілі аталмыш өкім етуші өкілеттіліктері бар адамды белгілі бір жеке адамның соңына салып та қоюы мүмкін. Яғни бұл ретте оның тікелей психологиялық зорлық зомбылығы болуы мүмкін.

Үшіншіден, емдеу және тәрбиелеу мекемелерінде тұрмыстық зорлық зомбылық іс-әрекеттері болып тұрады. Себебі, аталмыш сол мекемелердің пациенттері тұрақты тұрғын ретінде тұруы мүмкін.

Келесі 147-бап «Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу» деп аталған.

Бұл норманың мәтінінен анықталып тұрғандай, сталкерлік ізге түсудің мақсаты тікелей көзделмеген.

Біріншіден, дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды қолдану міндеті жүктелген адамның сталкерлік ізге түсу мақсаты болмайды.

Екіншіден, дербес деректер сталкерлік ізге түсуші тұлғаға қажеттілігі болғанымен, сол үшін үшінші тұлғамен байланысуға тәуекел ете бермейді.

Сараланып жатқан баптың 2-бөлігіндегі нормада сипатталған іс-әрекеттер сталкерлік ізге түсу іс-әрекеттеріне ұқсастау сияқты болып келеді. Дегенмен, бұл жерде аталған іс-әрекеттің сталкерлік қылмыстық ниеті мен мақсатын дәлелдеу қажеттілігі туындайды.

Арнайы сараланып жатқан баптың келесі бөлігінде кең мазмұндағы тағы бір норма қамтылған. Біріншіден, сталкер болған жеке тұлғалардың лауазымдық қызметін пайдаланатын болады. Мұндай жағдайларда сталкер әртүрлі заңсыз әдістерді қолдануы мүмкін:

- Арнайы техникалық құралдарды пайдалану;
- Электрондық ақпараттық ресурстарға рұқсатсыз кіру;
- Ақпараттық жүйелерге заңсыз қол жеткізу;
- Телекоммуникация желілері арқылы берілетін ақпаратты заңсыз түрде ұстап қалу.

Бұл әрекеттер жеке және отбасылық құпияны бұзып, адамның жеке өміріне қол сұғу болып табылады. Сондықтан, мұндай іс-әрекеттер заң бойынша қатаң жазаланады.

Екіншіден, аталмыш нормадағы қылмыс субъектісі арнайы лауазымды болуы тиіс. Яғни ол анығын айтқанда, өзінің қызметтік лауазымын теріс не асыра пайдалану іс-әрекеттерді жасайды.

Үшіншіден, лауазымды сталкер кек алу мақсатын қоюы мүмкін. Себебі оның жеке қалауына сталкер құрбаны болған тұлға еш жауап бермейді не ол мән бермейді немесе сталкердің жеке қалауына көнбейді.

Арнайы сараланып жатқан баптың келесі бөлігінде мынадай ықшамды норма бекітілген. Сталкинг жасайтын адам, әсіресе лауазымды тұлға болса, өз құрбанының жеке өміріне қатысты ақпаратты заңсыз жолмен жинап, таратуы мүмкін. Бұл әрекеттер адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруі ықтимал.

Біріншіден, сталкердің лауазымы болсын немесе лауазымы болмасын, ол жеке тұлғаның жеке өміріне құқыққа сыйымсыз қол сұғады.

Екіншіден, лауазымы жоқ тұлғаға қарағанда, белгілі бір мемлекеттік органдарда қызмет ететін сталкердің жеке немесе отбасына қатысты құпияны іздестіру мен табуға қызметтік мүмкіндігі бар.

Үшіншіден, белгілі бір мемлекеттік органдарда қызмет ететін сталкер өзінің қызметтік лауазымын теріс пайдаланады.

Арнайы сараланып жатқан баптың соңғы бөлігінде мынадай көлемді норма белгіленген. Бұл норманың мазмұнынан белгілі болғандай, сол лауазымды сталкер көпшілік алдында, бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер және өзге интернет желілерінде сталкердің нысанына алынған сол бір жеке тұлғаға қатысты жоғарыда аталған қылмыстық іс-әрекеттерді жасайды.

Біріншіден, осындай жолдармен лауазымды сталкер өзінің ықпалын өз нысанына айналған тұлғаға өзіндік агрессиялық ықпалын жүргізеді.

Екіншіден, сталкер осы аталған жолдармен өзінің нысанына айналған адамға түбегейлі ықпал ете алмаса да, өзінің кектік айызын қандыруға бар күшін салуды көздейді.

Үшіншіден, бұл ретте лауазымды сталкер өзінің ырқына көнбей жүрген тұлғаны нақты іс жүзінде жеңе алмаса да, оны ең құрығанда психологиялық тұрғыда жеңуді қалайды.

Ресей Федерациясының (әрі қарай РФ) Конституциясының 21-бабында мынадай конституциялық норма бекітілген.

«1. Жеке тұлғаның қадір-қасиетін мемлекет қорғайды. Оны төмендетуге ештеңе негіз бола алмайды.

2. Ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа қатыгездікке немесе адамның қадір-қасиетін қорлауға немесе жазалауға болмайды. Медициналық, ғылыми немесе басқа тәжірибелерге ерікті келісімсіз ешкім ұшырай алмайды» [6].

Беларусь Республикасы (әрі қарай БР) Конституциясының 25-бабында мына мәтінде норма қамтылған.

«Мемлекет адамның бостандығын, қол сұғылмаушылығы мен қадір-қасиетін қамтамасыз етеді. Жеке бас бостандығын шектеу немесе одан айыру заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен мүмкін болады.

Қамауға алынған адам оны ұстаудың немесе қамауға алудың заңдылығын сот арқылы тексеруге құқылы.

Ешкімді азаптауға, қатыгездікке, адамгершілікке жатпайтын не оның қадір-қасиетін қорлайтын емдеуге немесе жазалауға, сондай-ақ оның келісімсіз медициналық немесе өзге де тәжірибелерге ұшыратуға болмайды» [7].

Өзбекстан Республикасының (әрі қарай ӨР) Конституциясының 26-бабында мына норма бекітілген:

«Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Оларды төмендетуге ештеңе негіз бола алмайды.

Ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа қатыгездікке, адамгершілікке жатпайтын немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын емдеуге немесе жазалауға болмайды» [8].

Түркия Республикасы (әрі қарай ТР) Конституциясының 17-бабында мынадай норма бар:

«Әркімнің өмір сүруге, өзінің материалдық және рухани өмірін қорғауға және дамытуға құқығы бар.

Медициналық қажеттілік жағдайлары мен заңда көзделген тек тиісті жағдайларды қоспағанда, адамның физикалық тұтастығын бұзуға болмайды;

оның келісімсіз ғылыми және медициналық эксперименттерге ұшыратуға болмайды.

Ешкімді азаптауға немесе азаптауға болмайды; ешкімді жазалауға немесе адамның қадір-қасиетіне сәйкес келмейтін емдеуге болмайды» [9].

Жоғарыда аталған конституциялық нормаларды өзара салыстыратын болсақ, олардың ұқсастау тұстары көбірек екендігі аңғарылады. Аталмыш ол нормаларда негізі адамдардың ар-намысына және қадір-қасиетіне қол сұғуға қатаң тыйым салынған. Сонымен қатар олар өз кезегінде азаптауға тыйым салушы нормалар болып табылады. Ендігі ретте аталмыш елдердің қылмыстық заңнама нормаларын өзара салыстыра кетейік.

ҚР Қылмыстық кодексте 146-бап (Қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас, азаптаулар), 147-бап (Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу) және 148-бап (Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта,

телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу) [5] атты баптар болғанымен, олар сталкер болған тұлғаның ізге түсуін нақты сипаттап көрсетпеген.

РФ Қылмыстық кодексі 137-бабы (Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу) және 138-бабы (Хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф немесе өзге де хабарламалар құпиясын бұзу)[10] деп аталғанымен, оларды тікелей сталкерлік ізге түсуді қылмыс ретінде белгіленбеген.

БР Қылмыстық кодексін 197-бап (Сын айтқаны үшін қудалау), 203-бап (Хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу, телеграф немесе өзге де хабарламалар құпиясын бұзу), 203-1-бап (Жеке өмір туралы ақпарат пен дербес деректерге қатысты заңсыз әрекет), 203-2-бап (Дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету шараларын сақтамау)[11] деп аталса да, зерттеудің объектісіне тікелей емес, тек қана жанама қатысы бар. Яғни сталкер осы қылмыстық құқықтық бұзушылық іс-әрекеттерді жасауы мүмкін.

ӨР Қылмыстық кодексі 126.1-бап (Отбасылық (тұрмыстық) зорлық-зомбылық), 141.1-бап (Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу), 141.2-бап (Дербес деректер туралы заңнаманы бұзу), 141.3-бап (Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін және адам өмірінің жақын жақтарын көрсететін мәліметтерді жария ету), 143-бап (Хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу, телеграф немесе өзге де хабарламалар құпиясын бұзу) [12] деп аталған. Аталған нормалардың атауында «сталкерлік қудалау» атты ұғымдық тіркес жоқ.

ТР Қылмыстық кодексіндегі 105-бап (Жыныстық қудалау), 123/а-бап (Табанды қудалау) деп аталған. Аталған қылмыстардың ішінде, әсіресе біздің ойымызша табанды қудалау сталкерлік ізге түсу болып табылады.

Осы орайда, 105-бап (Жыныстық қудалау) мазмұнына зер салайық.

«1) біреуді жыныстық мақсатта қудалаған адам жәбірленушінің шағымы бойынша үш айдан екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе егер әрекет балаға қатысты жасалса, сот айыппұлына, алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім шығарады.

(2) (18/6/2014-6545/61 бап өзгертілген:) Қылмыс;

а) қоғамдық міндеттер, қызметтік қатынастар немесе отбасылық қатынастар ұсынатын ыңғайлылықты пайдалана отырып,

б) қамқоршы, тәрбиеші, қамқоршы, асырап алушы отбасы немесе медициналық қызмет көрсететін немесе қорғау, күту немесе қадағалау міндеттері жүктелген адамдар,

в) бір жұмыс орнында жұмыс істеу арқылы қамтамасыз етілетін ыңғайлылықтың артықшылықтарын пайдалану,

г) пошта немесе электрондық байланыс құралдары ұсынатын ыңғайлылықты пайдалана отырып,

д) көрсету арқылы,

өңдеу жағдайында жоғарыда көрсетілген тармаққа сәйкес тағайындалған айыппұл екі есе көбейтілуі керек.

Егер жәбірленуші осы әрекетке байланысты жұмыстан, мектептен немесе отбасынан кетуге мәжбүр болса, тағайындалған жаза бір жылдан кем болмауы керек».



Түркия Республикасының Қылмыстық заңының 123/а-бабы (Табанды қудалау) мынадай мазмұнда бекітілген. «(12/5/2022 – 7406/8 бап) (1) кез-келген адамға физикалық қудалау немесе байланыс құралдарын, ақпараттық жүйелерді немесе үшінші тұлғаларды пайдаланып байланыс орнатуға тырысу арқылы үнемі қолайсыздықтар туғызатын немесе өзінің немесе туыстарының қауіпсіздігіне алаңдайтын қылмыскер алты айдан екі жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

(2) қылмыс;

а) оларға қатысты бөлек тұру туралы шешім қабылданған немесе ажырасу берілген балаға немесе жұбайына қатысты қарауға жатады,

б) жәбірленушіні мектепті, жұмыс орнын, тұрғылықты жерін ауыстыруға немесе оқуын немесе жұмысын тастауға мәжбүрлеу,

в) өздеріне қатысты тұрғылықты жері, оқуы немесе жұмыс орны бойынша кетпеу туралы жазылу түріндегі жұмыстан уақытша шеттету немесе бұлтартпау шарасы туралы шешім қабылданған құқық бұзушының қарауына жатады, бұл жағдайда кінәлі бір жылдан үш жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

(3) аталған бап бойынша реттелетін қылмысты тергеу және қудалау келіп түскен арызға байланысты болады»[13].

Сондықтан осы олқылықты ескере отырып, өзге төрт елдің қылмыстық кодекстеріне сталкерлік ізге түсу қылмысына қатысты нақтырақ баптың болуы қажет. Ондай бап сталкерлік ізге түсу қылмысын зардаптарын алдын алуға құқықтық сипаттағы мүмкіндіктерді береді.

Жоғарыда бес мемлекеттің ұлттық заңнама негізгі нормаларын өзара салыстырмалы-құқықтық талдау көрсеткендей, олардың ұқсастау тұстары болғанымен, жеке ерекшеліктері мен кейбір айырмашылығы анықталды.

Талдау барысынан анықталғандай, ол айқындалған мәселелер тек заңи, құқықтық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ филологиялық және заңдық техника мәселелерінің бар екенін көрсетіп берді.

Сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнама тікелей түрде болмағандықтан, тікелей түрде реттемейтін тек қана ұлттық заңдардың кейбір нормаларына салыстырмалы-құқықтық талдауды жүргіздік. Демек, сталкинг (ізге түсу), адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнама жобасын дайындалуы тиіс.

## **Қорытынды**

Сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша жеке қарастырылған ұсыныстардың жиынтығын ескере отырып, мынадай қорытынды тұжырымды жасаймыз. Сталкингтың (ізге түсудің), адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу бойынша ұлттық заңнама толыққанды қалыптастырылмаған.

Бірінші кезекте еліміздегі конституцияға, азаматтық, қылмыстық, азаматтық процестік, қылмыстық процестік кодекстерге, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар жасалуы тиіс.

Мысалы, «адамның жеке кеңістігі» және «адамның жеке өміріне қолсұғылмаушылық», «заңсыз ізге түсу» және «заңсыз қудалау» деген ұғымдық тіркестерге құқықтық сипаттағы анықтамалар беру қажет.

Екінші кезекте, «Сталкерлікке және кибербуллингке қарсы іс-қимыл туралы» заңын қабылдау қажет.

Бұл ретте шетелдік заңнамалардағы тиімді заңды техника әдістері мен тәсілдерін ескере отырып, өзіндік ұлттық стильде нормалардың жасақталуы керек.

Осы орайда, сол «Сталкерлікке және кибербуллингке қарсы іс-қимыл туралы» заңының жобасын әзірлеу кезінде ұлттық құқықтық тәжірибелерден бөлек, халықаралық құқықтық тәжірибелер жиынтығын ескерілуі тиіс.

Жекетұлғаларды сталкинг (ізге түсу) құқық бұзушылығынан қорғаудың халықаралық-құқықтық жүйесі бойынша құқықтық негіздері мен тәжірибелік механизмдерін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды сталкинг (ізге түсу) құқық бұзушылығынан қорғау бойынша құқық қорғау мен сот органдарының іс-әрекеттер жүйесін саралау нәтижесі анықталғандай, БҰҰ және өзге халықаралық аймақтық ұйымдардың басым көпшілігінде арнайы органдары жоқ екендігі анықталды. Сондықтан сондай органды құру қажет.

Қазақстан Республикасында сталкинг (ізге түсу) мәселесі заң шығарушылардың назарына ілікті. Жақында жүргізілген зерттеу нәтижесінде құқық қорғау және сот органдарының осы мәселеге қатысты әрекеттерінде бірқатар олқылықтар анықталды.

Қолданыстағы қылмыстық заңнаманы талдау барысында психикалық зорлық-зомбылықтың қылмыстық жауапкершілікке тартылатын түрлерінің жалпы сипаттамалары айқындалды. Оларға мыналар жатады:

Психикалық зорлық-зомбылықтың сыртқы ортада көрініс табуы,

Бұл әрекеттердің саналы түрде, қасақана жасалуы.

Осы мәселені шешу мақсатында Қазақстан парламентінде сталкинг жасағандарды жауапқа тарту туралы заң жобасы қаралуда. Бұл заң жобасы бойынша сталкинг жасағандарға айыппұл салу көзделген.

Сонымен қатар, заң шығарушылар қыз алып қашу мәселесіне де назар аударып отыр. Бұл әрекет үшін үш жылдан бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы ұсынылуда [14].

Бұл заңнамалық өзгерістер Қазақстандағы зорлық-зомбылықтың жаңа формаларына қарсы күрестің бір бөлігі болып табылады. Олар азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қоғамдағы психологиялық зорлық-зомбылықты азайтуға бағытталған.

Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың ережелерін талдау нәтижесінде мыналар анықталды:

1) қылмыстық жазаланатын психикалық зорлық-зомбылықтың жалпы белгілерінің қатарына:

– ол адам мінез-құлқының нақты саналы актілерінде көрінеді, қасақана жүзеге асырылады;

– белгілі бір нысандарда көрінеді (қорлау, қорқыту, бопсалау), жәбірленушіге ақпараттық әсер етеді, тікелей (жәбірленушіге бағытталған) және жанама (оның жақындарына қарсы, болашаққа бағытталған мүлік және т. б. сипатқа ие болуы мүмкін;

- нақты адресаты бар;
- белгілі бір мақсаттарды көздейді (физикалық, материалдық зиян немесе моральдық зиян келтіру, ерік бостандығын шектеу);
- қылмыс жасау тәсілі ретінде әрекет етеді немесе қылмыс жағдайын сипаттайды;
- невротикалық және/немесе психотикалық жағдайлар түрінде салдары болуы мүмкін.

2) қылмыстық-құқықтық шеңберде зерделенетін сталкинг феномені жан-жақты, қабылдау қиын және қылмыс құрамының қандай да бір белгісіне оңай жатқызыла алмайды. Сондықтан қылмыстық құқықтағы психикалық зорлық-зомбылық оның сыртқы белгілеріне байланысты, оның көрінуінің нақты жағдайларына байланысты қылмыс жасау тәсілі бола алады, сонымен қатар жасалған әрекеттің жағдайын сипаттай алады. Оның жиынтығында екеуі де әрекетті орындау тәсілін құрайды.

3) сталкингті қылмыс жасау жағдайының сипаттамасы ретінде түсіндіру оны іс-әрекет түрінде де, әрекетсіздік түрінде де білдіруге мүмкіндік береді (мысалы, адам кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамаған кезде). Егер психикалық зорлық-зомбылық қылмыс жасаудың тәсілі болса, онда негізінен кінәлінің белсенді әрекеттері туралы айту әділетті. Бұл жағдайда қылмыстық психикалық әсер белгілі бір психоэмоционалды мазмұнмен сипатталатын заңсыз және әлеуметтік қауіпті мінез-құлықтан тыс көрінуі керек.

4) қылмыстық жазаланатын сталкинг – бұл тікелей ниетпен жасалатын және психикалық, физикалық немесе материалдық зиян (нұқсан) келтіретін, өз еркінен тыс немесе оған қарсы басқа адамның (немесе адамдар тобының) психикасына құқыққа қарсы қоғамға қауіпті әсер ету (іс-әрекетті орындау тәсілі).

5) Қазіргі қоғамда зорлық-зомбылықтың сипаты күрделене түсуде. Дәстүрлі физикалық зорлық-зомбылық психологиялық элементтермен толықтырылып, жаңа формаларға ие болуда. Соңғы он жылда физикалық зорлық-зомбылық статистикасы төмендегенімен, психологиялық зорлық-зомбылық арқылы жасалатын қылмыстар саны артып келеді [15].

Бұл үрдіспен қатар, заңнамада әлі қамтылмаған жаңа қауіпті әлеуметтік құбылыстар пайда болуда. Олардың ішінде: Обсессивті қудалау (сталкинг); Мүліктік және жеке қауіп-қатерлер; Корпоративтік қысым; Ұзақ мерзімді психологиялық зорлық-зомбылық.

6) Психологиялық зиян әртүрлі қылмыстық әрекеттердің нәтижесі немесе психологиялық зорлық-зомбылықтың салдары болуы мүмкін. Алайда, бұл зиян тек заңда нақты көрсетілген жағдайда ғана қылмыстық-құқықтық маңызға ие болады.

Жаңа зорлық-зомбылық түрлерінің ішінде газлайтинг ерекше орын алады. Бұл – құрбанның өз есте сақтау қабілеті мен шындықты қабылдауына күмән келтіруге мәжбүрлейтін манипуляция түрі. Сондай-ақ, виртуалды кеңістікте "бенчнинг" сияқты жаңа психологиялық зорлық-зомбылық формалары пайда болуда, онда адам қарым-қатынасқа қызығушылық танытқан болып, кейін жоғалып кетеді.

#### **Авторлардың қосқан үлесі:**

**Ордаева А.Ж.** – аннотация, түйін сөздер, кіріспе;

**Шекербекова М.С.** – зерттеудің материалдар мен әдістемесін, нәтижесі мен талқылауын;

**Абутаева С.Б.** – қорытынды, әдебиеттердің рәсімделуін, қайнар көздердің зерттелуін, авторлар туралы мәліметтерді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000072> (өтініш берген күні: 10.09.2024)

2. Қасым-Жомарт Тоқаев (2024) «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдау. 02.09.2024. Akorda.kz. Келесі сілтеме бойынша: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-adiletti-kazakhstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> (өтініш берген күні: 10.09.2024)

3. Абайділдинов Е.М. (2010) Қазақстан Республикасының ұлттық құқығы мен халықаралық құқықтың арақатынасы (басымдылықтың қалыптасу мәселелері). – Астана: ЕҰУ РББ.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995, Adilet.zan.kz. Келесі сілтеме бойынша: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (өтініш берген күні: 10.09.2024)

5. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 03.07.2014 № 226-V. Adilet.zan.kz. Келесі сілтеме бойынша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берген күні: 10.09.2024)

6. «Конституция Российской Федерации» (принята всенародным голосованием 12.12.1993 с изменениями, одобренными в ходе общероссийского голосования 01.07.2020) Consultant.ru. Доступен по ссылке: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_28399](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_28399) (дата обращения: 10.10.2024)

7. Конституция Республики Беларусь от 15 марта 1994 года № 2875-XII (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.03.2022 г.) Online.zakon.kz Доступен по ссылке: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30404260&pos=6;-108#pos=6;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30404260&pos=6;-108#pos=6;-108) (дата обращения: 10.10.2024)

8. Конституция Республики Узбекистан. Настоящая новая редакция Конституции Республики Узбекистан принята путем всенародного голосования на референдуме Республики Узбекистан, проведенном 30 апреля 2023 года. Lex.uz. Доступен по ссылке: <https://lex.uz/docs/6445147> (дата обращения: 10.10.2024)

9. Türkiye cumhuriyeti anayasasi. T.C. Cumhurbaşkanlığı mevzuat bilgi sistemi. Mevzuat.gov.tr. Доступен по ссылке: <https://mevzuat.gov.tr/mevzuat?MevzuatNo=2709&MevzuatTur=1&MevzuatTertip=5> (дата обращения: 10.10.2024)

10. Уголовный кодекс Российской Федерации от 13 июня 1996 года № 63-ФЗ (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.10.2023 г.) Online.zakon.kz. Доступен по ссылке: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30397073&pos=6;-108#pos=6;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397073&pos=6;-108#pos=6;-108) (дата обращения: 10.10.2024)

11. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года № 275-3 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.10.2023 г.) Online.zakon.kz. Доступен по ссылке: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30414984&pos=6;-108#pos=6;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984&pos=6;-108#pos=6;-108) (дата обращения: 10.10.2024)

12. Уголовный кодекс Республики Узбекистан (утвержден Законом Республики Узбекистан от 22 сентября 1994 года № 2012-XII) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.08.2023 г.) Online.zakon.kz Доступен по ссылке: [//https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30421110](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30421110). (дата обращения: 10.10.2024)

13. Türk Ceza Kanunu. 26.09.2004.T.C. Cumhurbaşkanlığı mevzuat bilgi sistemi. Mevzuat.gov.tr. Доступен по ссылке: <https://mevzuat.gov.tr/mevzuat?MevzuatNo=5237&MevzuatTur=1&MevzuatTertip=5> (дата обращения: 10.10.2024)

14. Қазақстанда сталкинг жасағандарға айыппұл салмақ. Azattyq.org. Келесідей сілтеме: <https://www.azattyq.org/a/qazaqstanda-stalking-zhasagandarga-aiyppul-salmaq/33304399.html> (өтініш берген күні: 5.02.2025)

15. Дмитрий Соболев (2024) Какие облики может принимать психологическое насилие? Dmitriy-sobolev.ru Доступен по ссылке: <https://dmitriy-sobolev.ru/articles/kakie-obliki-mozhet-prinimat-psikhologicheskoe-nasilie/> (дата обращения: 5.12.2024)

**Ордаева А.Ж.<sup>1</sup>, Шекербекова М.С.<sup>1</sup>, Абутаева С.Б.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова

(e-mail:<sup>1</sup>aygul.ordaeva@inbox.ru, <sup>2</sup>maka\_789@mail.ru, <sup>3</sup>asb8008@mail.ru)

### **Основы и механизмы национального законодательства по предотвращению сталкинга(преследований) и нарушения личного пространства.**

**Аннотация:** В данной исследовательской статье проведено исследование основ и механизмов национального законодательства по предотвращению преследования (слежения) нарушения личного пространства человека. Цель научного исследования - провести сравнительно-правовой анализ национального законодательства о предотвращении нарушения личного пространства человека с зарубежным законодательством, а также совершенствование национального законодательства о предотвращении нарушения личного пространства человека. В результате обсуждения законодательства стран дальнего и ближнего зарубежья и сравнительно-правового анализа национального законодательства по предотвращению преследования (слежения) нарушения личного пространства человека был сформулирован ряд отдельных рекомендаций. Также в целях определения правовых основ и практических механизмов защиты физических лиц от преступления преследования (слежения) согласно международно-правовой системе приводится результат дифференциации системы действий правоохранительных и судебных органов по защите. лиц от преступления преследования (слежки) в Республике Казахстан. Кроме того, «Сталкинг» (слежение) предложил национальные законодательные рамки и механизмы предотвращения нарушения личного пространства.

**Ключевые слова:** сталкинг, личное преследование, сравнительно-правовой анализ, жертва, честь, сталкер, достоинство.

**A. Ordaeva<sup>1</sup>, M. Shekerbekova<sup>1</sup>, S. Abutaeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov*

<sup>2</sup>*South Kazakhstan University named after M. Auezov*

*(e-mail: <sup>1</sup>aygul.ordaeva@inbox.ru, <sup>2</sup>maka\_789@mail.ru, <sup>3</sup>asb8008@mail.ru)*

## **Fundamentals and mechanisms of national legislation on the prevention of stalking violation of personal space**

**Abstract:** In this research article, a study of the bases and mechanisms of national legislation on the prevention of stalking (tracking) violation of a person's personal space was carried out. The purpose of the scientific research is to provide a comparative legal analysis of the national legislation on the prevention of violation of the personal space of a person with foreign legislation, and to improve the national legislation on the prevention of violation of a person's personal space. As a result of the discussion of the laws of far and near foreign countries and the comparative legal analysis of the national legislation on the prevention of stalking (tracking) violation of a person's personal space, a set of separate recommendations was made. Also, in order to determine the legal bases and practical mechanisms of protection of individuals from the crime of stalking (tracking) according to the international legal system, the result of the differentiation of the system of law enforcement and judicial bodies' actions on the protection of individuals from the crime of stalking (tracking) in the Republic of Kazakhstan defined. In addition, Stalking (tracking) proposed national legislation frameworks and mechanisms to prevent violation of personal space.

**Keywords:** stalking, personal stalking, comparative legal analysis, victim, honor, stalker, dignity.

### **References**

1. Qazaqstan Respublikasynyng kejbir zangnamalyq aktilerine әjelderding quyqytary men balalardyng қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Qazaqstan Respublikasynyng Zangy 2024 zhylygy 15 sәuirdegi № 72-VIII ҚРЗ. Adilet.zan.kz Keseidei silteme: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000072>(өтініш берген күні: 10.09.2024)
2. Kasym-Zhomart Tokaev (2024) «Adilette Kazakstan: zan men tartip, ekonomikalyk osim, kogamdyk optimizm» atty Qazaqstan halqyna Zholdau. 02.09.2024. Akorda.kz. Keseidei silteme: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adilette-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> (өтініш берген күні: 10.09.2024)
3. Abaidildinov E.M. (2010) Qazaqstan Respublikasynyn ulttyk kukugu men halykaralyk kukuktun arakatynasy (basymdylyktyн kalyptasu мәселелері). – Astana: EYU RBB. [In Kazakh]
4. Qazaqstan Respublikasynyn Konstitusiasi, 30.08.1995. Adilet.zan.kz. Keseidei silteme: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (өтініш берген күні: 10.09.2024)
5. «Kazarstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi» Kazarstan Respublikasynyn Kodeksi 2014 zhylygy 3 shildedegi № 226-V. Adilet.zan.kz. Keseidei silteme: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берген күні: 13.09.2024)

6. «Konstitucija Rossijskoj Federacii» (prinjata vsenarodnym golosovaniem 12.12.1993 s izmenenijami, odobrennymi v hode obshherossijskogo golosovaniya 01.07.2020) Consultant.ru. Dostupen po ssylke: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_28399](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_28399). (data obrashheniya: 10.10.2024)

7. Konstitucija Respubliki Belarus' ot 15 marta 1994 goda № 2875-XII (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 04.03.2022 g.) Online.zakon.kz Dostupen po ssylke: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30404260&pos=6;-108#pos=6;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30404260&pos=6;-108#pos=6;-108). (data obrashheniya: 10.10.2024)

8. Konstitucija Respubliki Uzbekistan. Nastojashhaja novaja redakcija Konstitucii Respubliki Uzbekistan prinjata putem vsenarodnogo golosovaniya na referendumе Respubliki Uzbekistan, provedennom 30 aprelja 2023 goda. Lex.uz. Dostupen po ssylke: <https://lex.uz/docs/6445147>. (data obrashheniya: 10.10.2024)

9. Türkiye cumhuriyeti anayasasi. T.C. Cumhurbaşkanlığı mevzuat bilgi sistemi. Mevzuat.gov.tr. Dostupen po ssylke: <https://mevzuat.gov.tr/mevzuat?MevzuatNo=2709&MevzuatTur=1&MevzuatTertip=5>. (data obrashheniya: 10.10.2024)

10. Uголовный кодекс Rossijskoj Federacii ot 13 ijunja 1996 goda № 63-FZ (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 12.10.2023 g.) Online.zakon.kz. Dostupen po ssylke: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30397073&pos=6;-108#pos=6;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397073&pos=6;-108#pos=6;-108). (data obrashheniya: 10.10.2024)

11. Uголовный кодекс Respubliki Belarus' ot 9 ijulja 1999 goda № 275-Z (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 01.10.2023 g.) Online.zakon.kz Dostupen po ssylke: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30414984&pos=6;-108#pos=6;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984&pos=6;-108#pos=6;-108). (data obrashheniya: 10.10.2024)

12. Uголовный кодекс Respubliki Uzbekistan (utverzhen Zakonom Respubliki Uzbekistan ot 22 sentjabrja 1994 goda № 2012-XII) (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 12.08.2023 g.) Online.zakon.kz Dostupen po ssylke: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30421110](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30421110). (data obrashheniya: 10.10.2024)

13. Türk Ceza Kanunu. 26.09.2004.T.C. Cumhurbaşkanlığı mevzuat bilgi sistemi. Mevzuat.gov.tr. Dostupen po ssylke: <https://mevzuat.gov.tr/mevzuat?MevzuatNo=5237&MevzuatTur=1&MevzuatTertip=5> (data obrashheniya: 10.10.2024)

14. Qazaqstanda stalking zhasagandarға айыппұл салмақ. Azattyq.org. Kelesidej silteme: <https://www.azattyq.org/a/qazaqstanda-stalking-zhasagandarga-aiyppul-salmaq/33304399.html> (өтініш берген күні: 5.02.2025)

15. Dmitrij Sobolev (2024) Kakie obliki mozhet prinimat' psihologicheskoe nasilie? Dmitriy-sobolev.ru Dostupen po ssylke: <https://dmitriy-sobolev.ru/articles/kakie-obliki-mozhet-prinimat-psihologicheskoe-nasilie/> (data obrashheniya: 5.12.2024)

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Ордаева А.Ж.** – хат-хабар авторы, аға оқытушы, «тарих және құқық» кафедрасы, Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Төле би көшесі, 32, 160011, Шымкент, Қазақстан

**Шекербекова М.С.** – аға оқытушы, «тарих және құқық» кафедрасы, Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Төле би көшесі, 32, 160011, Шымкент, Қазақстан

**Абутаева С.Б.** – з.ғ.к., «Заң» факультетінің деканы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тәуке-хан даңғылы, 5, 160011, Шымкент, Қазақстан

**Ордаева А.Ж.** – автор для корреспонденции, старший преподаватель, кафедра "История и право", Университет дружбы народов имени А.Куатбекова, ул. Толе би, 32, 160011, Шымкент, Казахстан

**Шекербекова М.С.** – старший преподаватель, кафедра "История и право", Университет дружбы народов имени А.Куатбекова, ул. Толе би, 32, 160011, Шымкент, Казахстан

**Абутаева С.Б.** – к.ю.н., декан факультета «Юриспруденция», Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, проспект Тауке-хана, 5, 160011, Шымкент, Казахстан

**Ordayeva A.** – author of correspondence, senior lecturer, Department of history and law, Peoples' Friendship University named after Academician A.Kuatbekov, 32 Tole bi Street, 160011, Shymkent, Kazakhstan

**Shekerbekova M.** – senior lecturer, Department of history and law, Peoples' Friendship University named after Academician A.Kuatbekov, 32 Tole bi Street, 160011, Shymkent, Kazakhstan

**Abutaeva S.** – candidate of Legal Sciences, dean of the Faculty of Law, South Kazakhstan University named after M. Auezov, 5 Tauke-Khan Ave., 160011, Shymkent, Kazakhstan



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).